

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚ
МҮШЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА «БАЛАЛАРҒА БЕРІЛГЕН ЖҮРЕК» ТАҚЫРЫБЫНДА
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы

2014 жылғы 20 қаңтар-20 ақпан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру қызметінің сапасын және тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында «Балаларға берілген жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиадасын балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.kz сайтында 2014 жылғы 20 қаңтар - 20 ақпан аралығында қашықтықтан өткізеді.

Міндеттері:

еліміздегі балалардың демалыс лагерьлеріндегі педагогикалық жасақтардың арасында тәжірибе алмасу және оқып үйрену алаңын құру;

тәлімгерлер, педагогикалық оқу орындарының студенттері, сондай-ақ мектеп педагогтерден құрылған топтардың ең тиімді түрі ретінде құндылық жүйесіне ие болған Қазақстандағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын насихаттау;

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарасты құру;

сауықтыру лагерьлердің жағдайында балалар мен жасөспірімдердің әр түрлі қызметтегі тәжірибелік дағды мен біліктерін қалыптастыру арқылы педагогикалық жасақтардағы бұқаралық тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру түрін жетілдіру;

педагогикалық жасақтармен, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабағын, шеберлік-сыныбын, шығармашылық тәжірибе, тренингтер өткізу арқылы педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық қабілеттерін кәсібилікпен байланыстыруды дамыту;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

Педагогикалық олимпиадаға Қазақстан Республикасындағы педагогикалық колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары қатысады.

Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында «Балаларға берілген жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиадасын өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.